

ЭОЖ 81:37.016; МҒТАР 16.01.45

<https://doi.org/10.47526/2024-3/2664-0686.97>Ш.Т. ЖАНЫСБЕКОВА<sup>1</sup>, Г.Т. СЫРЛЫБАЕВА<sup>2</sup><sup>1</sup> I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің PhD докторанты  
(Қазақстан, Талдықорған қ.), e-mail: shayzat.zhanysbekova@mail.ru<sup>2</sup> филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а.

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

(Қазақстан, Талдықорған қ.), e-mail: gulnara\_s.t81@mail.ru

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

**Аңдатпа.** Бұл мақалада оқушылардың прагматикалық құзыреттілігін қалыптастырудың лингвистикалық негіздері қарастырылады. Прагматикалық құзыреттілік терминінің қалыптасу, зерттеу тарихына шолу жасалады. Осы терминмен жақын, ұқсас терминдерге де тоқталып, отандық және шетелдік лингвист-ғалымдардың, әдіскер-ғалымдардың пікірлеріне, тұжырымдарына талдау жасалады. Оқушылардың прагматикалық құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесін жасау үшін оның теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтап алу өте маңызды, сол себепті осы мақалада аталған мәселенің лингвистикалық ерекшеліктерін айқындау мақсаты көзделіп отыр.

Мектеп қабырғасында оқушылардың жеке тұлғалық сапасының көрсеткіші олардың әлеуметтену мәртебесінің көрсеткішімен тең екендігі белгілі. Баланың бойында қалыптасатын білім, білік, дағдылардың жиынтығы олардың келешекте өз ортасында дұрыс әрі лайықты әлеуметтенуіне ықпалы зор болмақ. Тілдік, коммуникативтік және прагматикалық құзыреттіліктер арасында тығыз байланыстың болуы оларға ортақ мәселелерді шешуде кешенді әдіс-тәсілдерді қарастыру қажет.

Зерттеу барысында құзыреттілік ұғымының түрлі аспектіде зерттелгені анықталды. Прагматикалық құзыреттіліктің негізгі сипаттары мен көрсеткіштері айқындалып, олардың тілдік ортадағы көріністеріне тұжырымдар келтіріледі.

Тіл білімінің салаларында қалыптасып жатқан жаңа үрдістердің прагматикалық құзыреттілікті қалыптастыруда тигізер ықпалы да қарастырылады. Авторлар қазақ тілін оқытуда қолдануға болатын әдіс-тәсілдердің де бірқатар түрлеріне тоқталады. Жалпы прагматикалық құзыреттіліктің қалыптасуына ықпал ететін тілдік шешімдерді іздестіруге талпыныс жасалады.

**Кілт сөздер:** тілдік құзыреттілік, прагматикалық құзыреттілік, сыни ойлау, оқушылар, қазақ тілі, тіл білімінің салалары, прагматика.

### \*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Жанысбекова Ш.Т., Сырлыбаева Г.Т. Оқушылардың прагматикалық құзыреттіліктерін қалыптастырудың лингвистикалық негіздері // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2024. – №3 (133). – Б. 342–352. <https://doi.org/10.47526/2024-3/2664-0686.97>

### \*Cite us correctly:

Janysbekova Sh.T., Syrlybaeva G.T. Oqushylardyn pragmatikalıyq quzyrettilikterin qalyptastyrudyn lingvistikalıyq negizderi [Linguistic Basics of the Formation of Students' Pragmatic Competence] // Iasauı universitetinin habarshysy. – 2024. – №3 (133). – B. 342–352. <https://doi.org/10.47526/2024-3/2664-0686.97>

Мақаланың редакцияға түскен күні 24.01.2024 / қабылданған күні 27.09.2024

**Sh.T. Zhanysbekova<sup>1</sup>, G.T. Syrlybayeva<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>*PhD Doctoral Student of Zhetysu University named after I. Zhansugurov  
(Kazakhstan, Taldykorgan), e-mail: shayzat.zhanysbekova@mail.ru*

<sup>2</sup>*Candidate of Philological Sciences, Acting Associate Professor  
of the Zhetysu University named after Zhansugurov  
(Kazakhstan, Taldykorgan), e-mail: gulnara\_s.t81@mail.ru*

### **Linguistic Basics of the Formation of Students' Pragmatic Competence**

**Abstract.** This article discusses the linguistic foundations of the formation of pragmatic competence of students. A review of the history of the formation and study of the term “pragmatic competence” is provided. Similar and related terms with this term are also analyzed, as well as the views and conclusions of domestic and foreign linguists, methodologists, and scholars. To develop a methodology for the formation of pragmatic competence of students, it is crucial to find out its theoretical and methodological foundations; therefore the purpose of this article is to identify the linguistic features of this issue.

It is known that the indicator of the personal quality of schoolchildren is equivalent to the indicator of their socialization. The totality of the knowledge, skills, and abilities formed in a child will have a significant influence on their correct and appropriate socialization within their environment in the future. The existence of a close relationship between linguistic, communicative, and pragmatic competencies requires the use of complex methods in solving their common tasks.

The study found that the concept of competence has been studied from different perspectives. The main characteristics and indicators of pragmatic competence are established, as well as the concepts of their manifestations in the language environment are presented.

The influence of new trends in the field of linguistics on the formation of pragmatic competence is also considered. Several methods that can be used when teaching the Kazakh language are examined. An attempt has been made to find language solutions that contribute to the development of pragmatic competence.

**Keywords:** language competence, pragmatic competence, critical thinking, students, Kazakh language, sections of linguistics, pragmatics.

**Ш.Т. Жанысбекова<sup>1</sup>, Г.Т. Сырлыбаева<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>*PhD докторант Жетысуского университета имени И. Жансугурова  
(Казахстан, г. Талдыкорган), e-mail: shayzat.zhanysbekova@mail.ru*

<sup>2</sup>*кандидат филологических наук, и.о. ассоциированного профессора  
Жетысуского университета имени И. Жансугурова  
(Казахстан, г. Талдыкорган), e-mail: gulnara\_s.t81@mail.ru*

### **Лингвистические основы формирования прагматической компетенции учеников**

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются лингвистические основы формирования прагматической компетентности учащихся. Сделан обзор истории формирования и исследования термина прагматическая компетенция. Рассматриваются близкие и похожие термины, а также анализируются взгляды и выводы отечественных и зарубежных ученых лингвистов и методистов. Для разработки методики формирования прагматической компетенции учеников очень важно выяснить ее теоретико-методологические основы, поэтому целью данной статьи является выявление лингвистических особенностей данной проблемы.

Известно, что показатель личностных качеств учащихся в школе равен показателю их социального статуса. Совокупность сформированных у ребенка знаний, умений и навыков

будет способствовать правильной и достойной социализации в своей среде в будущем. Наличие тесной связи между языковой, коммуникативной и прагматической компетенциями предполагает рассмотрение комплексных методов и подходов к решению их общих проблем.

В ходе исследования было установлено, что понятие компетенции изучалось в разных аспектах. Определены основные характеристики и показатели прагматической компетентности, а также представлены концепции об их проявлениях в языковой среде.

Также было рассмотрено влияние новых тенденций в области языкознания на формирование прагматической компетенции. Авторы также остановились на ряде методов, которые можно использовать при обучении казахскому языку. Предпринята попытка поиска языковых решений, способствующих формированию прагматической компетенции.

**Ключевые слова:** языковая компетенция, прагматическая компетенция, критическое мышление, ученики, казахский язык, разделы языкознания, прагматика.

### Кіріспе

Бүгінгі таңда еліміздің білім беру жүйесі білім алушылардың бойында табылуы тиіс негізгі білім сапасы мен дағдылар жүйесін, құзыреттіліктер қатарын саралап, қайта бағалау, қайта құрастыру, қайта жаңғырту, яғни үлкен өзгерістер (трансформациялар) жасау кезеңінде тұр. Осы тұста отандық тілші ғалымдардың, педагог-ғалымдардың, әдіскерлердің, ЖОО оқытушылары мен мектеп мұғалімдері алдында ақпараттар легін дұрыс саралай алатын, өзіндік пікірі бар, пікірін дұрыс жеткізе алатын, қоғамда өз орнын дұрыс таба алатын, толыққанды сауатты тұлғаларды даярлау мәселесі өзектеле түспек. Жалпы білім алушылардың білім сапасының іс-әрекет барысында қабілеттілігін көрсете алу мүмкіндігі оның құзыреттілігінің бірден-бір көрсеткіші деп айтсақ қателеспейміз. Білімнің қай саласы болса да оның нәтижелерін іс-әрекет барысында көрініс табуы осы терминнің төңірегінде өрбиді. Себебі қазір санға емес сапаға, нәтижеге басымдық беріледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Тәуелсіздік бәрінен де қымбат» мақаласында былай деп айтқан болатын: «Қазіргі пандемия және соның салдарынан туындаған дағдарыс бүкіл әлемнің бұрын болмаған жаңа сынақтармен бетпе-бет келіп отырғанын анық көрсетті. Экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, биологиялық және басқа да қатерлерге қоса, жер жүзіне жағымсыз идеологиялық вирустар да жайылып келеді. Жаһандану кезінде ел жат жұрттың ықпалына бейсаналы түрде ілесіп кеткенін аңғармайды. Басқаша айтқанда, мәжбүрліктен емес, санасының улануы арқылы өз еркімен торға түседі. Сондықтан, жаңа заманның *жақсы-жаманын екшеп, артықшылықтарын бойға сіңірумен қатар, тамырымызды берік сақтауымыз қажет*. Ұлттық болмысымыздан, төл мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізден ажырап қалмау – барлық өркениеттер мидай араласқан аласапыранда жұтылып кетпеудің бірден бір кепілі» [1]. Яғни бұл мәселе өміріміздің барлық саласында өзекті екендігін түсіндіреді. Бұл салалардың ішінде білім беру саласында таза, сапалы ақпараттарды тани алатын, түрлі сындарлы жағдаяттардан төте, дұрыс жол таба білетін көзі ашық азаматтарды тәрбиелеп, өсірудің маңыздылығы бұрынғыдан да өзекті болып отыр. Әрбір ұлттың болмысы оның тілінде, әдебиетінде, тарихында, ділінде, дінінде, мәдениетінде, салт-дәстүрінде сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратыны бәрімізге белгілі. Сондықтан қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың бойында түрлі құзыреттіліктерді қалыптастыруды ғылыми тұрғыда зерделеу, оның әдістемелік жүйесін жасау тіл мамандарының басты мақсаттарының бірі болмақ.

Бүгінгі педагогика ғылымында «*құзыреттілік*» ұғымы негізгі ұғымдардың бірі болып отыр. Ғылыми-әдістемелік әдебиеттерде бұл терминге қатысты берілген түсініктемелер алуан түрлі екендігін байқаймыз. «Құзыреттілік» деген терминді ғылыми айналымға алғаш енгізген американдық лингвист-ғалым Ноэм Хомский болатын [2]. Н. Хомский

құзыреттілікті адамның белгілі бір іс-әрекетті орындай алу қабілетіне қатысты қолдануды ұсынған еді. Сондай-ақ бұл терминді сөйлеу әрекетімен тікелей байланысты қолдануды мақұлдайды. «Құзыретті сөйлеуші (тыңдаушы)» тіркесін сөйлеу кезінде бірнеше нұсқада сөйлей білетін, сөздік қоры мол адамдарға қолдану керектігін айтқан болатын. Атап өтейік, Ноэм Хомский – тіл маманы. Яғни тілдік құзыреттіліктің теориялық негіздерін қалауға үлес қосушы деп сенімді айтамыз.

Ғалымдардың берген анықтамасына сүйенер болсақ, құзыреттілік – оқушының іс-әрекетінде көрінетін білім сапасының көрсеткіші, білім, білік, дағдылардың жиынтығы құзыреттілікті құрайтынын да айтады. Жалпы құзыреттілік алынған, игерілген білім, біліктің барлығын өмірдің түрлі жағдаяттарында дұрыс әрі тиімді қолдана алу қабілеттілігін білдірсе керек. Оқушылардың бойында қалыптасатын негізгі құзыреттіліктерді саралай келе, оның ішінде коммуникативтік құзыреттілікпен егіз ұғымдағы прагматикалық құзыреттілік терминін зерделеу біздің зерттеу жұмысымыздың негізгі нысаны болып отыр. Себебі прагматикалық құзыреттіліктің табиғаты басқа құзыреттіліктермен салыстырғанда ерекше, өзгеше. Сонымен қатар, ҚР ғылым және білім саласындағы басым бағыттарының бірі бәсекеге қабілетті адам капиталын қалыптастыру болып отыр. Сол себепті білім беру мазмұны да жаңартылып жатыр. Жаңартылған білім беру мазмұнының негізгі күтілетін нәтиже – білім алушылардың білімді тек игеріп қана қоймай оны іске асыруға, қолдануға қабілетті болуымен тікелей сипатталады. Сонымен бірге білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтарды жас ұрпақтың бойына сіңіру маңыздылығы өзектеліп отыр. Білім алушылардың сыни ойлауын сәтті әрі нәтижелі дамыту арқылы прагматикалық құзыреттіліктерін қалыптастыруға болатынын тіл мамандары өз еңбектерінде жиі айтып келеді. Бұл туралы мақаланың келесі бөлімінде айтатын боламыз.

Прагматика терминінің тіл білімінде қолданылуына тоқталайық. «Тіл білімінің терминдерінің сөздігінде» прагматикаға мынадай анықтама беріледі: «Прагматика (грек. *pragma*, ілік септікте *pragmatos* іс, әрекет) – семантика мен тіл білімінің тілдік таңбалардың қызметін зерттейтін саласы. Прагматика терминін ХХ ғ. 30-жылдарында семиотиканың бір бөлімі түрінде Ч.У. Моррис енгізген. Ол семиотиканы таңбалардың объектіге қатынасын зерттейтін синтактика және сөйлеушілердің таңбаларға қатынасын зерттейтін прагматика деп екіге бөлген. Прагматиканың лингвистикалық зерттеу саласына айналуы Ч.С. Пирстың идеясымен байланысты сөйлеу актілері жайындағы логика филологиялық (Дж.Р.Серл, З. Вендлер, т.б.) және прагматикалық теориялардың (П. Грайс, Л. Линский, Серл, П.Ф. Стросон, т.б.) ықпалымен 60–70-жж. басталды. Лингвистикалық прагматиканың қызметі нақты емес, оған сөйлеуші субъект пен адресаттың (тыңдаушының) өзара қарым-қатынасынан туатын мәселелердің бәрі кіреді. Сөйлеушілердің қарым-қатынасы үстінде тілдің қолданылуы мен прагматикалық қызметін біріктіре отырып, прагматика риторика, стилистика, сөйлеу теориясы мен типологиясы, стильдердің қарым-қатынастық және функционалдық теориялары, социолингвистика, психолингвистика және т.б. көптеген салаларға қатысты проблемаларды қамтиды» [3, 220–221-бб.]. Яғни сөздікте көрсетілген ақпаратқа сүйенсек, тілдің толық моделі тек семантикалық жағынан ғана емес, оның қызметі прагматикалық жағынан да қарастырылуы өткен ғасырдың екінші жартысынан бастап өзектеле бастаған екен. Ғалымдардың пікіріне сүйенсек, прагматика ұғымы лингвистиканың барлық қабаттарын қамтитын термин болып табылады.

### **Зерттеу әдістері мен материалдар**

Жалпы тілдік оқыту, тілдік пәндерді оқыту үдерісінде еңбек етіп жүрген теоретик-ғалымдар мен әдіскер-ғалымдардың ғылыми ізденістерімен танысу барысында түрлі зерттеу әдістерін қолданғанын байқадық.

Шетелдік және отандық зерттеуші-ғалымдардың бірқатары прагматикалық құзыреттілікті прагмалингвистикалық құзыреттілікпен тең қарастырады. Айырмашылық тек атауында деп есептейді. Десек те, прагматикалық құзыреттіліктің мектеп оқушылары бойында қалыптастырудың өзіндік ерекшеліктері бар екендігін ескеруіміз керек деп ойлаймыз. Ең алдымен прагматикалық құзыреттіліктің негізгі сипаттарын, оған қатысты ұғымдар туралы зерттеулерге, тұжырымдарға тоқталуды жөн санаймыз. Зерттеу жұмысын жүргізу барысында әдеби шолу, талдау, саралау әдістері қолданылды.

Зерттеу барысында оқушылардың тілдік құзыреттілігін қалыптастырып, дамытуға қатысты бірнеше еңбектердегі идеяларға шолу жасалды. Алаш арыстары еңбектерінде жалпы оқушылардың тілі мен ойын, тілдік дағдыларын дамытуға қатысты айтылған пікірлер өте құнды. Ж. Аймауытовтың мына сөздеріне назар аударсақ: «Біреудің ойын ұқпай, өз ойын айта білмей, ешбір білім табу оңай емес. Бұл даусыз. Ендеше ойға төселмеген жас баланың тіл ережелерін дағдыландыру, машықтандыру жұмыстарын ұғуы да қиын. Сөз бен ой бірінен-бірі айрылмайтын қайнаса біткен нәрсе. Сөз – ойдың айнасы. Ойсыз сөз – сөз болмайды. Ой жетілу мен тіл жетілу қатар жүреді. Тілді ойдан бөлек жетілту мүмкін емес» - дейді [4]. Осы бір пікіріндегі бірінші сөйлемге қарап, не ұғуға болады? Тілдік қатынасқа түсу үшін де өз ойын айта алу да, айтылған, берілген сөздің, мәтіннің мағынасын түсіне білу де маңызды екендігі. Яғни, өз ойын дұрыс жеткізу үшін ойды қорыту, ақпаратты игеру, тану, кері байланыс жасау, дұрыс тілдік қатынас жүзеге асыру өткен ғасырдағы зиялы ғалымдарымыздың да еңбектерінде көрініс табуы өте маңызды факт.

Алаш зиялысы, Тіл білімінің негізін қалаушы – А. Байтұрсынұлының қазақ балаларының сауатын ашып, олардың өз ойын дұрыс жеткізе алуына, тілді дұрыс қолдана алу дағдысын қалыптастырып, дамыту мақсатында «Тіл жұмсар» [5] еңбегін жазған деп айтуға болады. Бұл еңбегінде баланың тіл ұстартуына көп көңіл бөледі. Ғалым тілдік байлығын дамыту арқылы нағыз сауатты, қабілетті жастарды өсіріп, тәрбиелеуге болады деп сенді. Тіл ұстартуға арналған «Тіл жұмсар» еңбегі, Т. Шонановпен бірігіп шығарған хрестоматиясы оқушыларды көркем сөзге баулып, дұрыс, сауатты сөйлеп, өз ойын жеткізуге көп көмегі тиді деп айтуға болады. Еңбектерінің мазмұнында халық ауыз әдебиеті материалдары, Абайдың шығармалары, мысалдар үлкен мәтін ретінде беріліп отырады. А. Байтұрсынұлы мәтінді оқу арқылы оқушылар көркем мәтінді меңгеріп қана қоймай, біліммен қатар тәрбие алады деген мақсатты көздеген. Алаш заманында да тілге икемі бар адамның сөзі нық, сөзге шешен адамның әрқашан беделді болатынын насихатталды. Қазіргі таңда да бұл идея өзінің маңыздылығын жойған жоқ.

### **Талдау мен нәтижелер**

Ғалым Ғ. Тұңғышбаева өзінің ғылыми мақаласында прагматика ұғымының мағынасы мен қолданылу аясына талдау жасаған болатын. «Прагматикада эртүрлі бағыттың: контекстік семантиканың, сөйлеу актінің теориясы, мәтін лингвистикасы, референция теориясы және тағы басқалардың қарастыратын мүддесі бірігеді. Тіпті оның шекарасы кеңеюі сондай, ол стилистика, социоллингвистика сияқты т.б. өзіндік тарихы бар салаларға да кіреді... Стилистикалық зерттеудің прагматикалық аспектісі эмпатияны танып-білумен де байланысты. «Эмпатия» термині лингвистикаға психология ғылымынан алынған. Эмпатия дегеніміз – өзге адамдардың танымдық ортасына ене білу және түсіну, көңіл-күйін сезе білу қабілеті. ...Прагматика коммуникативтік қызметке әсер ететін тілдің қолданылуын зерттейтін бағыттарда қарастырылады. Прагматиканың негізгі мәні – тілдік факторларды адам қызметіндегі аспектіде зерттеу» деп өз ойын тұжырымдайды [6, 120–123-бб.]. Автордың айтқысы келген ойы прагматика саласының лингвистикалық қабаттарда кездесетін кейбір мәселелерді шешуде өзіндік орнының қалыптасып үлгергенін тұжырымдау еді. Әрине, ғылым бір күнде пайда бола салатын дүние немесе құбылыс емес, алғашқы ізденістер мен

тұжырымдардың уақыт елегінде екшеліп, іріктелуінен пайда болатын құбылыс, өнім десек болады. Прагматика теориясының тіл біліміндегі жас, жаңа бағыттардың бірі прагмалингвистиканың қалыптасыуына тікелей ықпал еткенін айтып өткеніміз жөн. Қазақ тіл білімінде прагмалингвистика саласының дамуына үлес қосқан ғалымдарды атайтын болсақ, олар: З. Ерназарова, Д. Әлкебаева, М. Мурзағалиева, Ф. Жақсыбаева, С. Искакова, М. Қанабекова сынды ғалымдар. Ғалымдар прагматиканың түрлі қырларын қарастыруға талпыныс жасағандығын атап өтуіміз абзал. Жалпы прагматиканың тіл саласындағы негізгі мәні қарым-қатынаста тілдің атқаратын қызметін қарастырумен сипатталатынын білдіреді деп тұжырымдасақ болады.

Ендігі жерде «құзыреттілік» терминінің зерттелуіне, оның тілді оқытудағы маңыздылығына қатысты әдістемелік зерттеулерді ғылыми тұрғыда тұжырымдауға талпыныс жасап көреміз.

Әлемдік тәжірибе бойынша ХХІ ғасыр мектептері мен ЖОО-дары, және басқа да білім беру мекемелері қабырғасында білім беру мазмұнын анықтауда бірқатар жаңа тұжырымдық тәсілдердің қалыптасып жатқандығын көрсетіп отыр. Бұл аспектіден алып қарағанда тіл үйренушіге алған білімнің негізінде өмірдің өзгермелі жағдайын емін-еркін бағдарлап, бағамдауға, білім дамытып, жетілдіруге, соның нәтижесін тілдің мүмкіндіктерін жүзеге асыруға, өз пікірін тәуелсіз әрі дұрыс жеткізе білуге қабілетті болуға бағыт беретіндей болуы қажет. Білім берудің бұл көрсеткіштері қазіргі уақытта «құзыреттілік», «құзыретті» деген ұғымдар арқылы сипатталып келеді және де осы терминнің табиғатын зерттеген талай іргелі зерттеу жұмыстары да орындалып жатыр.

Шетелдік ғалымдардан Д. Хаймс, Н. Хомский, Р. Уайт, А. Маркова, Г. Белицкий, А. Хуторский, Д. Равен, И. Кузьмина, О. Лебедев, С. Шишов, А. Кальней, Г. Селевко, И. Фурмин, Т. Ковалева, О. Соколова және т.б. өз еңбектерінде құзыреттілік мәселесіне арнайды. Ғалымдардың тарапынан берілген анықтамалар түрлі аспектіден қаралу нәтижесінде түрліше болды десек болады.

«Қазіргі тіл оқыту стандартына сай құзыреттілік адамның белгілі бір ортада әрекет етуге дайындығы және қабілеттілігі, академиялық білімнің өкілі ретінде белсенді, әлеуметтік бейімделген тұлғаға айналдырады. Ол өз кезегінде тұлғаны ақпарат алмасу мақсатында қарым-қатынасқа түсіп қана қоймай, қоғамда әлеуметтенуге, сол қоғамды өзгерту мақсатында оған әсер қатынасқа түсіп қана қоймай, қоғамда әлеуметтенуге, сол қоғамды өзгерту мақсатында оған әсер ете алатын тұлғаға айналуына көмектеседі» [7]. Бұл пікірді орыстың тілші-ғалымы, мәдениеттанушысы, әлеуметтік-тілдік құзыреттілікті мәдениетаралық қарым-қатынаста маңызды рөл атқаратынын зерттеп, дәйектеген В.В. Сафонова айтқан болатын. В.В. Сафонованың негізгі ұстанымы тілді меңгеруде білім алушының мәдениетаралық қарым-қатынасқа түсе алу қабілетінің қалыптасып-дамуымен, әлеуметтік бейімделу деңгейінің көрсеткішімен тығыз байланысты деген мазмұнда құралған деп тұжырымдауға болады.

Сондай-ақ, отандық ғалымдардан құзыреттілік терминінің мәселелерін зерттеген еңбектері бар деп төмендегі зерттеушілерді айта аламыз: Д. Кулибаева, А. Мыңбаева, Ф. Оразбаева, Ж. Дәулетбекова, Н. Нұразхметов, Р. Рахметова, М. Жадрин, Х. Ерьяданова, Г. Қосымова. Ғалымдардың бірі педагогикалық тұрғыда, енді бірі лингвистикалық тұрғыда, бір бөлігі психологиялық аспектіде қарастырғанын ескереміз.

Тілші-ғалымдардың, әдіскер-ғалымдардың еңбектерінде құзыреттіліктердің бірнеше түрі туралы зерттеу нәтижелерімен танысуға болады.

Тілдік құзыреттіліктердің тілдік біліктіліктермен тығыз түсінік екенін байқадық. Тілдік құзыреттілік терминін қозғағанды коммуникативтік тілдік біліктіліктерді еске түсіреміз. Бұл жөнінде С. Тер-Минасова былай деп топтастырып көрсетеді: «Коммуникативтік тілдік біліктіліктерге мыналар жатады: 1) лингвистикалық компоненттер (linguistic competence –

lexical, phonological-syntactical knowledge and skill); 2) әлеуметік лингвистикалық компоненттер (sociolinguistic component); 3) прагматикалық компоненттер (pragmatic component knowledge)» [8].

А.Н. Щукин прагматикалық құзыреттілікті қарым-қатынас жағдайын бағдарлауға және сөйлеушінің коммуникативті ниеті мен әңгімелесушінің мүмкіндіктеріне сәйкес мәлімдеме құруға деген ұмтылыс пен қабілет, қарым-қатынас жағдайлары мен мақсатына байланысты ойды білдірудің ең тиімді әдісін таңдай білу деп анықтады [9].

Жас ғалым Е. Старостинаның ғылыми мақаласы жалпы прагматикалық құзыреттіліктің мәні мен мазмұнына, оның орыс тілін меңгерудегі рөлін көрсетуге арналған екен. Өз мақаласында құзыреттілік тақырыбында еңбек жазған ғалымдарға шолу жасап, талдайды. Н. Хомский, А. Щукин, Г. Торсуева және т.б. ғалымдардың пікірлерін талқылайды. Өз тарапынан прагматикалық құзыреттіліктің екі құрылымдық бөлігін көрсетеді: «1) *дискурсивтік құзыреттілік*: оқылым және тыңдалым кезінде мәтіндердің әртүрлі түрлерін түсіну негізінде ауызша және жазбаша сөйлеуде әртүрлі функционалдық стильдердің үйлесімді, дәйекті және логикалық тұжырымдарын құра білу; сөйлеу әрекетінің шарттарына байланысты қалаған пішін мен өрнек әдісін таңдау мүмкіндігі, т.б. жағдайға, сөйлеушінің коммуникативтік мақсаты мен ниетіне байланысты; адресаттың түрін ескере отырып, сөйлеу регистрлерін ауыстыру мүмкіндігін қамтиды; 2) *функционалдық құзыреттілік*: коммуникативті әрекеттің арқасында жүзеге асатын идеялар мен мақсаттарға жету қабілеті (нақты ақпаратты іздеу, қарым-қатынас жасау, түзету, бір нәрсеге өз көзқарасын білдіру, мәлімдеме модальділігін білдіру, эмоциялар, біреуді бір нәрсеге сендіру қабілеті); коммуникативті әрекеттестіктің типтік үлгілерін білу (сұрақ-жауап, хабарлама-келісім/келіспеу, сұрау-мақұлдау/бас тарту, сәлемдесу реакциясы)» [10]. Прагматикалық құзыреттіліктің коммуникативтік құзыреттіліктің «көлеңкесінде» қалып кетпеуі керектігін тілге тиек етеді. Біз автордың бұл көзқарасымен толық келісеміз. Коммуникативтік құзыреттілік пен прагматикалық құзыреттілік терминдерінің мәні негізінде өте жақын қабысып жатқандығын да мойындауымыз керек. Десек те, прагматикалық құзыреттілік тілдің ойлау құралы ретінде қарастыруға ықпал ететінін ескерсек, тілдің сөйлесім мазмұнына тікелей қатысуы және әрбір коммуникативтік әрекет кезінде тілдесушілердің қарым-қатынас бойынша әсер ету мүмкіндігін қоссақ, онда прагматикалық құзыреттілік тілдің ең басты қызметі – қатынас құралы ретінде зерттеуге ықпал етеді.

Л.Н. Полунина өз мақаласында прагматикалық құзыреттілік концепциясының қалыптасып даму тарихына шолу жасап, өзіндік талдауын ұсынды. Хомскийдің теориясына қайшы пікір білдірген Д. Хаймстің прагматикалық құзыреттілік терминін тікелей зерделемесе де, оның теориялық негіздеріне көп үлес қосқанын атап өтеді. Коммуникативтік құзыреттіліктің жеке компоненті ретін прагматикалық құзыреттілік теориясының қалыптасуында М. Кенейл, М. Свейн, Л. Бачманның концепцияларын талдайды. Бұдан ары қарай прагматикалық құзыреттіліктің құрылымы мен компоненттік құрамы туралы, ЖОО-дарындағы студенттерге ағылшын тілін оқыту барысында прагматикалық құзыреттіліктің компоненттік құрамдарын жүзеге асырумен байланысты туындайтын қиындықтар туралы сөз етеді. Автордың ойынша Л. Бачманның концепциясын басшылыққа алып зерттеуді жүргізу оларға нәтижелі жұмыс жасауға оң әсерін тигізіп отыр. Жүргізілген зерттеудің практикалық жағына баға беруде мынадай пікірін айтады: «Іс жүзінде (практика жүзінде) біз тілдік құзыреттілікті сәтті түрде жетілдіру прагматикалық құзыреттіліктің аяқасты қалыптасып, дамып кетуін білдірмейтінімен таныстық. Тіпті өте жоғары еңгейде ағылшын тілін меңгерген, грамматикалық дағдыларды керемт игерген, лексикалық қоры жетік қалыптасқан студенттеріміздің өзі коммуникативтік қателіктер жіберіп отырады. Мұның өзі прагматика тұрғысынан өте маңызды олқылықты білдіреді» [11, 796-б.]. Тілді үйретуде прагматикалық құзыреттілікті қалыптастыру мақсатын бірге ала жүру қазіргі тілші

мамандарға артылған ауыр жүк десек болады. Себебі тілдік нәзік мүмкіндіктерінің астарында оның танымдық, этномәдени және әлеуметтік қызметтері мен сипаты жатыр.

Прагматикалық құзыреттілікті қалыптастыруда тілдегі жаңа парадигмалардың ықпалы зор деп ойлаймыз. Ғалым Комарова коммуникативтік-прагматикалық әдіс туралы былай деп көрсетеді: «Коммуникативтік-прагматикалық әдіс – сөйлеу үдерісінде тілдік бірліктерді прагматикалық қасиеттеріне сай дұрыс жұмсау үшін пайдаланылатын әдістердің, тәсілдердің өзара интеграциясы. Ол бүгінгі таңда барынша күрделеніп бара жатқан адам қызметтерін үйлестіру мақсатында оның сөйлесім әрекетін реттеуге және жемісті қарым-қатынас жасауға қол жеткізуіне қажетті қатысым жағдаятына сай жүзеге асырылады» [12].

Отандық әдіскер-ғалымдардан Ф. Оразбаева мен Ж. Дәулетбекованың еңбектерінде тілдік материалдарды меңгертуде коммуникативтік-прагматикалық парадигманың маңызы мен мүмкіндіктері туралы жиі айтып келеді. Авторлардың бірігіп жазған мақаласында құнды пікірлер айтылады: «Жас ұрпақты сөйлеу әдебіне ғана емес, қарым-қатынас мәдениетіне баулу арқылы ұлттық діл мен ұлттық сананы қалыптастыру мәселесі де оңтайлы шешімін табатыны сөзсіз. Өйткені қазақ халқында сөзді бүкіл өнердің басы деп бағалаған қағида жатыр» [13, 43-б.].

Қазақ тіл білімінің ірі ғалымдарының бірі Ж. Дәулетбекованың мына бір құнды пікірімен бөлісуді жөн санадық: «Қазіргі ғылымда сөздің қатысымдық тұрғыда ұтымдылығын танытатын басты мәселе сөздің айтылу орнына қарай тыңдаушының жас және психологиялық ерекшелігін, оның әлеуметтік жағдайын, т.б. ескере отырып жүйеленуінде екендігі дәйектеліп отыр. Сондықтан сөйлеушінің өз сөзінде тілдің функционалдық тармақтарының ерекшелігін, тілдің прагматикасының шарттарын ескеруі маңызды болып саналады. Яғни әдеби тіл стильдерінің ерекшелігін білумен қатар, өзінің коммуникативтік мүддесіне сай сөйлеу тілінің мақсаты мен тілдік құралдарын айқындап, оларды қарым-қатынас жағдаятына лайықтап дұрыс қолдануы талап етіледі. Егер, ғылыми дискурста, ресми дискурста, публицистикалық дискурста, сөйлеу тілінде олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері ескерілмесе, онда, біріншіден, сөйлеушінің өзінің көздеген мақсатына жетуі неғайбыл, екіншіден, бұл сөйлеушінің сөз мәдениетінің төмендігін көрсетеді» [14, 123-б.]. Ғалымның тұжырымымен толықтай келісуге болады, себебі сөйлеуші (адресант) өзінің адресатымен (ол біреу немесе бірнешеу болуы мүмкін) тілдесім әрекетіне түскен кезде өз мүддесіне жету үшін қажетті құралдарды дұрыс пайдалануы тиіс.

Шетелдік ғалымдар Tiaoouan Mao және Shanhua He авторлығымен жарық көрген ғылыми мақалада прагматикалық құзыреттілікке кешенді көзқарастарды қамтылады [15]. Оның негіздері мен ерекшеліктеріне тоқталады. Прагматикалық құзыреттілікті зерттеу жарты ғасыр бойы теориялық және эмпирикалық мәнге ие болды, дегенмен ортақ шеңбер әлі де әртүрлі көзқарастардан зерттелуде. Біріншіден, бұл мақалада коммуникативті қабілет теориясындағы прагматикалық құзыреттілікке, функция-дискурстық модельге, компоненттік және мағынаға негізделген модельге және өзектілік-теориялық модельге сыни шолу жасалады. Осы ұсыныстардың артықшылықтары мен кемшіліктері және олардың Хомскийдің грамматикалық және прагматикалық құзыреттілік дихотомиясымен байланысы негізінде ойлау мен қарым-қатынас үшін прагматикалық құзыреттіліктің интеграцияланған моделі (IMPC) қайта тұжырымдалады, қазіргі уақытта әртүрлі субмодульдер арасындағы өзара әрекеттесулерге назар аударылады. Минималистік шеңбер және олардың сыртқы әлеуметтік-мәдени факторлармен өзара әрекеттесуі талқыланады. Соңында біріктірілген ұсыныс пен теория, модельдер арасында салыстыру жүргізіледі.

Тілші-ғалым Juliane House өзінің «Developing pragmatic competence in English as a lingua franca: Using discourse markers to express (inter)subjectivity and connectivity» атты мақаласында ағылшын тілін үйретуде тілдегі прагматиканы дискурстық маркерлер пайдалану арқылы қарастыруды талдайды. Аталмыш мақалада ELF спикерлері иә/иә, солай



және жақсы дискурс маркерлерін (аралық) субъектілік пен байланыстың көрінісі ретінде пайдалану арқылы прагматикалық құзыреттілігін қалай жақсартатынын зерттейді. «Бұл мақалада талқыланған деректер университеттің кеңес беру сағаттарынан туындайды және бұл Гамбург университетінде халықаралық университеттегі көптілділік және көпмәдениеттілік бойынша жүргізілген үлкен жобаның бөлігі болып табылады. Осы мақалада сипатталған кейс зерттеулерінің нәтижелері академиялық консультациялар кезінде ағылшын тілін лингва франка ретінде сөйлейтіндер өздерінің прагматикалық құзыреттілігін арттыруға көмектесу үшін белгілі бір дискурс маркерлерін стратегиялық түрде қайта түсіндіруге бейім екенін көрсетеді және осылайша әңгіме ағымында бірқалыпты жұмыс істейді» - деп, мақаланың мазмұнында келтіріледі [16].

Өзіміз байқағанымыздай, прагматикалық құзыреттілікті қалыптастырып, оны жетілдіруде дискурстық материалдардың маңызы зор. Прагматикалық құзыреттіліктің коммуникативтік, дискурстық және грамматикалық құзыреттіліктермен тығыз байланыста екендігі де дәйектеледі.

Мақаланы жазу барысында мектеп оқушыларының (бастауыш сынып оқушылары, жоғары сынып оқушылары), ЖОО білім алушыларының прагматикалық құзыреттіліктерін қалыптастыру, дамыту, оның деңгейін анықтау және т.б. мәселелерге арналған ғылыми жұмыстармен таныстық. Әсіресе ЖОО-ның білім алушылардың, оның ішіне аудармашы, екі шетел тілін немесе шет тілін оқыту мамандықтары студенттеріне қатысты материалдың өте көп екендігін байқадық. Бұл ЖОО-дарында тілді үйрету процесінде іздену жұмыстарының көптігімен қуантады. Ал мектеп оқушыларының прагматикалық құзыреттілігін қалыптастыруға қатысты еңбектердің аздығы біз зерттеп отырған мәселенің қоғамда өзекті екендігін, бұл тақырыптық тың екендігін білдіреді. Тілдік білім-біліктің көмегімен оқушы (болашақтағы жеке тұлға) өз мақсатына жетуде сәтті коммуникация жасай алуы үшін тілдік құзыреттіліктерді, оның ішінде прагматикалық құзыреттіліктерді меңгерту – тілдік пән мұғалімдерінің тікелей міндеті болып отыр.

Лингводидактикалық зерттеулерден түйген тұжырымдар:

- Прагматикалық құзыреттік – коммуникативтік әрекеттердің сәті жүзеге асырылуына тікелей әсер ететін фактор;
- Прагматикалық құзыреттілік – тілдік құзыреттіліктің ажырамас бөлігі;
- Прагматикалық құзыреттілікті дамытуда тыңдалым және оқылым материалдарының ұлттық құндылықтармен астасып жатуы маңызды болып табылады;
- Тілдік әрекетінің жазылым және айтылым, сөйлесім кезеңдері прагматикалық құзыреттілікті айқындау үшін маңызды болып табылады.

### **Қорытынды**

Оқушылардың прагматикалық құзыреттілігін қалыптастыруда лингвистикалық зерттеулердің алатын орны ерекше. Себебі қазақ тілін оқыту үдерісі тіл білімінің барлық саласымен тығыз байланысты. Тіл білімінде қалыптасқан жаңа салалардың ықпалымен туындаған зерттеу жұмыстарына шолу, талдау жұмыстарын жасау арқылы прагматикалық құзыреттіліктің спецификасын айқындауға талпыныс жасалды.

Коммуникативті-прагматикалық парадигма шеңберінде зерттеліп жатқан тілдесім, сөйлесім, тілдік қатынас, адресат, коммуникант, тілдесім бөліктері – айтылым, оқылым, тыңдалым, жазылым туралы концепцияларды зерделеп, олардың прагматикалық құзыреттілікке қатысын айқындап, талдап, тұжырымдау келелі мәселелерді шешуге нақты да дұрыс қадам болады.

Прагматикалық құзыреттіліктің теориялық, әдістемелік мәселелері әлі де зерттеулер жүргізуді қажет етеді. Тілдік мәселелерге зерттеуде қолға алынып жатқан тіл біліміндегі

жаңа әдістерді пайдалана отырып зерделеу алдағы уақытта прагматикалық құзыреттілікті қалыптастырудың оңтайлы шешімерін табуға оң әсерін тигізеді.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Тоқаев Қ. Тәуелсіздік бәрінен де қымбат. [Электронды ресурс]. URL: <https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat> (қаралған уақыты: 12.04.2023)
2. Хомский Н. Аспекты теории синтаксиса / пер. В.А. Звегинцева. – М.: Издательство Московского университета, 1972. – 129 с.
3. Тіл білімі терминдерінің сөздігі. – Алматы: «Фирма «Орнак» ЖШС, 2012. – 388 б.
4. Аймауытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы. Т. 4. Психология, жан жүйесі және өнер таңдау. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.
5. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст. Ғ. Әнес. – Алматы: Абзал-Ай, 2013. – 640 б.
6. Тұңғышбаева Ғ.Ж. «Прагматика» ұғымының мағынасы мен қолданылуы аясы // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2010. – №6 (130). – Б. 120–123.
7. Сафонова В.В. Культуроведение в системе современного языкового образования // Иностранные языки в школе. – 2001. – №3. – С. 17–24.
8. Тер-Минасова С.Г. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 320 б.
9. Щукин А.Н. Обучение иностранным языкам: теория и практика: учебное пособие. – М.: Филоматис, 2010. – 475 с.
10. Старостина Е.И. Сущность и содержание понятия прагматической компетенции, ее роль в процессе изучения русского языка как иностранного. [Электронный ресурс]. URL: <https://apitag.kursksu.ru/media/pdf/007-20.pdf> (дата обращения: 08.05.2023)
11. Полунина Л.Н. Функциональные компоненты прагматической компетенции и их роль в развитии коммуникативных умений студентов высших учебных заведений в процессе обучения английскому языку // Педагогика. Вопросы теории и практики. – 2020. – Том 5. Выпуск 6. – С. 792–797.
12. Комарова З.И. Коммуникативно-прагматическая парадигма в дисциплинарно-методологическом пространстве современной лингвистики // Вестник Челябинского государственного университета. Филология. Искусствоведение. – 2013. – №1 (292). – С. 66–71.
13. Оразбаева Ф., Дәулетбекова Ж. Коммуникативтік-прагматикалық парадигма: айтылым мәдениетін қалыптастырудың маңызы мен мүмкіндіктері // ҚазҰУ Хабаршысы: Филология сериясы. – 2021. – №3 (183). – Б. 43–49.
14. Дәулетбекова Ж.Т. Сөз мәдениеті – тілдік білім нәтижесі: монография. – Алматы: Ғылым мен білім интеграциясы институты, 2017. – 240 б.
15. Mao T., He Sh. An Integrated Approach to Pragmatic Competence: Its Framework and Properties // Sage Open. – 2021. – Т. 11. – №2. <https://doi.org/10.1177/21582440211011472>
16. House J. Developing pragmatic competence in English as a lingua franca: Using discourse markers to express (inter)subjectivity and connectivity // Journal of pragmatics. – 2013. – Т. 59. – С. 57–67 <https://doi.org/10.1016/j.pragma.2013.03.001>

### REFERENCES

1. Toqayev Q. Tauelsizdik barinen de qymbat [Independence is more precious than anything else]. [Electronic resource]. URL: <https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat> (date of access: 12.04.2023) [in Kazakh]
2. Homskiy N. Aspekty teorii sintaksisa [Aspect theory syntax] / per. V.A. Zveginceva. – M.: Izdatelstvo Moskovskogo universiteta, 1972. – 129 s. [in Russian]
3. Til bilimi terminderinin sozdigi [Dictionary of linguistic terms]. – Almaty: «Firma «Ornak» JShS, 2012. – 388 b. [in Kazakh]

4. Aimauytov J. Alty tomdyq shygarmalar jinagy. T. 4. Psihologia, jan juiesi jane oner tandau [A collection of works in six volumes. Vol. 4. Psychology, soul system and art choice]. – Almaty: El-shejire, 2013. – 384 b. [in Kazakh]
5. Baitursynuly A. Qazaq til biliminin maseleleri [Problems of Kazakh linguistics] / Qurast. G. Anes. – Almaty: Abzal-Ai, 2013. – 640 b. [in Kazakh]
6. Tungyshbaeva G.J. «Pragmatika» ugymynyn magynasy men qoldanylu aiasy [The meaning and scope of the concept of “pragmatics”] // QazUU habarshysy. Filologia seriasy. – 2010. – №6 (130). – B. 120–123. [in Kazakh]
7. Safonova V.V. Kulturovedenie v sisteme sovremennogo iazykovogo obrazovania [Cultural education in the system of modern language education] // Inostrannye iazyki v shkole. – 2001. – №3. – S. 17–24. [in Russian]
8. Ter-Minasova S.G. Til jane madenietarlyq kommunikacia [Language and intercultural communication]. – Almaty: Ulttyq audarma biurosy, 2018. – 320 b. [in Kazakh]
9. Shukin A.N. Obuchenie inostrannym iazykam: teoria i praktika [Teaching foreign languages: theory and practice]: uchebnoe posobie. – M.: Filomatis, 2010. – 475 s. [in Russian]
10. Starostina E.I. Sushnost i soderjanie poniatia pragmaticheskoi kompetencii, ee rol v processe izuchenia russkogo iazyka kak inostrannogo [The essence and content of the concept of pragmatic competence, its role in the process of studying the Russian language as a foreign language]. [Electronic resource]. URL: <https://api-mag.kursksu.ru/media/pdf/007-20.pdf> (date of access: 08.05.2023) [in Russian]
11. Polunina L.N. Funkcionalnye komponenty pragmticheskoi kompetencii i ih rol v razvitii kommunikativnyh umeniy studentov vysshih uchebnyh zavedeniy v processe obuchenia angliskomu iazyku [Functional components of pragmatic competence and their role in the development of communicative skills of students of higher educational institutions in the process of learning English] // Pedagogika. Voprosy teorii i praktiki. – 2020. – Tom 5. Vypusk 6. – S. 792–797. [in Russian]
12. Komarova Z.I. Kommunikativno-pragmaticheskaja paradigma v disciplinarno-metodologicheskom prostranstve sovremennoi lingvistiki [Communicative-pragmatic paradigm in the disciplinary-methodological space of modern linguistics] // Vestnik Cheliabinskogo gosudarstvennogo universiteta. Filologia. Iskusstvovedenie. – 2013. – №1 (292). – S. 66–71. [in Russian]
13. Orazbaeva F., Dauletbekova J. Kommunikativtik-pragmatikalyq paradigma: aitylym madenietin qalyptastyrudyn manyzy men mumkindikteri [Communicative-pragmatic paradigm: importance and possibilities of formation of speech culture] // QazUU Habarshysy: Filologia seriasy. – 2021. – №3 (183). – B. 43–49. [in Kazakh]
14. Dauletbekova J.T. Soz madenieti – tildik bilim natijesi [Word culture is the result of language education]: monografiya. – Almaty: Gylym men bilim integraciasy instituty, 2017. – 240 b. [in Kazakh]
15. Mao T., He Sh. An Integrated Approach to Pragmatic Competence: Its Framework and Properties // Sage Open. – 2021. – T. 11. – №2. <https://doi.org/10.1177/21582440211011472>
16. House J. Developing pragmatic competence in English as a lingua franca: Using discourse markers to express (inter)subjectivity and connectivity // Journal of pragmatics. – 2013. – T. 59. – S. 57–67 <https://doi.org/10.1016/j.pragma.2013.03.001>